

Баспасөз хабарламасы

Нұр Отанда зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы мен болашағы талқыланды

Астана, Қазақстан

2016 жылғы 29 сәуір

«Нұр Отан» қоғамдық саяси партиясының институтында «Зерде» экономикалық клубының мәжілісі өтті, онда Қазақстан Республикасы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жай-күйі, проблемалары мен болашағы жөнінде тақырып қозғалды.

Мәжіліске Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаттары, мемлекеттік органдардың өкілдері, «Зерде» клубының тұрақты қатысушылары – қазақстандық сарапшылар, «БЖЗК» АҚ Басқармасының Төрағасы Ерденәев Руслан Серікұлы бастаған «БЖЗК» АҚ басшылығы қатысты.

Жиналған қауым БЖЗК Басқармасы Төрағасының сөйлеген сөзін қызығушылық таныта отырып тыңдады, Төраға зейнетақы жүйесінің, Қор қызметінің қазіргі жай-күйі жөнінде толық есеп бере отырып, Қорды құрудың артықшылықтары мен даму болашағын атап өтумен қатар, зейнетақы жүйесінің дұрыс жұмыс істеуі, осыған орай қазақстандықтарды зейнеттегі жағдайын тиісінше қамтамасыз ету жайында сөз қозғады.

2015 жылдың қорытындысы туралы да айтылды. Мәселен, 2016 жылғы 1 қаңтарда салымшылардың зейнетақы жинақтары 5.8. трлн. теңге (01.04.2016 жылға – 6.06 трлн. теңге) болды, ал сол кезде 2015 жылғы кірістілік 15,65% болған. Жыл сайынғы өсім қарқыны 21% деңгейінде сақталып отыр. 2015 жылдың қорытындысы бойынша зейнетақы жинақтарының көлемі ЖІӨ-нің 14,30%-ын құрады.

БЖЗК-ны құру артықшылықтарының ішінде еліміздің зейнетақы жүйесін дамытудың жаңа бағыттарын қалыптастыруға және қажет болғанда түзету шараларын уақтылы енгізуге мүмкіндік беретін параметрлік деректерге мониторинг және талдауды жоғары деңгейде жүргізуге жағдай туғызатын салымшылардың бірыңғай базасының құрылуы ерекше аталып өтті.

БЖЗК-ның күн сайын салымшылардың жеке зейнетақы шоттарына инвестициялық табысты жинақтар сомасына сәйкес бөлетіні туралы ақпарат берілді. 2016 жылдың басынан бастап 139,04 млрд. теңге мөлшерінде таза инвестициялық табыс алынды.

«Бүгінде бүкіл әлем, сонымен бірге Қазақстан елі де қызметтерді сапалы көрсетіп қана қоймай, жалпы алғанда қазіргі заман адамдарының өмірі мен жұмысын жеңілдететін қызмет көрсетудің электрондық түріне бағдар алған, оның ішінде БЖЗҚ да бар. Салымшының электрондық форматта өз жинақтары туралы қажетті ақпарат алу мүмкіндігі болуы үшін барлық жағдай жасалып жатыр. Бүгіннің өзінде салымшылардың жалпы санының 17%-ы электрондық хабарлау тәсілін пайдаланады. Бұл 2017 жылдың соңына қарай 30 %-ға дейін өсуі мүмкін. БЖЗҚ мамандары құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ете отырып, халыққа электрондық қызмет көрсетуді дамытуға барынша күш салып жатыр» деді Басқарма Төрағасы Ерденаев Руслан.

Сондай-ақ мәжіліс барысында зейнетақы активтерін инвестициялаудың негізгі қағидаттары мен оны жетілдіру шаралары айтылды. Мысалы, БЖЗҚ-ның ұсынысы бойынша салымшы ұсынылған инвестициялау стратегияларының бірін таңдауға тікелей қатысуға құқылы болуға тиіс.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (БЖЗҚ) 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы БЖЗҚ-ның құрылтайшысы әрі акционері болып табылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарады. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру жөніндегі ұсынымдар жасау функциялары Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық Қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлеуді, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, сондай-ақ салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz).

«БЖЗҚ» АҚ Баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz

Пресс-релиз

В Нұр Отане обсудили текущее состояние и перспективы пенсионной системы

Астана, Казахстан

___ апреля 2016г.

В Институте общественной политики партии «Нұр Отан» состоялось заседание экономического клуба «Зерде», темой которого стало текущее состояние, проблемы и перспективы пенсионной системы Республики Казахстан.

В заседании приняли участие депутаты Мажилиса Парламента Республики Казахстан, представители государственных органов, постоянные участники клуба «Зерде» - казахстанские эксперты, руководство АО «ЕНПФ» во главе с Председателем Правления АО «ЕНПФ» Русланом Ерденаевым.

Собравшиеся с интересом выслушали выступление Председателя Правления ЕНПФ, поскольку в нем прозвучал подробный отчет о текущем состоянии пенсионной системы, деятельности Фонда, отмечены преимущества его создания, перспективы развития, обозначены условия нормального функционирования пенсионной системы и, как следствие, адекватного обеспечения казахстанцев на пенсии.

Были озвучены итоги 2015 года. Так, пенсионные накопления вкладчиков на 1 января 2016 года составили 5,8 трлн. тенге (на 01.04.2016 – 6.06 трлн. тенге), в то время как доходность за 2015 год составила 15,65%. Ежегодный темп прироста сохраняется на уровне 21%. По итогам 2015 года объем пенсионных накоплений составляет 14,30% от ВВП.

Среди преимуществ создания ЕНПФ было отмечено формирование единой базы вкладчиков, которая дает возможность на высоком уровне проводить мониторинг и анализ параметрических данных, позволяющие при необходимости своевременно вводить корректирующие меры и вырабатывать новые направления развития пенсионной системы страны.

Прозвучала информация о том, что ЕНПФ ежедневно распределяет инвестиционный доход на индивидуальные пенсионные счета вкладчиков, пропорционально сумме накоплений. С начала 2016 года получен чистый инвестдоход в размере 139,04 млрд. тенге.

«Весь цивилизованный мир, в том числе Казахстан, ориентирован на переход к электронному виду обслуживания, который не только качественно улучшает сервис, но и в целом упрощает жизнь и работу современного человека. ЕНПФ не является исключением. Делается все возможное, чтобы вкладчик имел доступ к необходимой информации о своих накоплениях в электронном формате. Уже сегодня 17% от общего числа вкладчиков используют электронный способ информирования. К концу 2017 года прогнозируется рост до 30%. Специалисты ЕНПФ продолжают работу над развитием электронных услуг населению, сохраняя при этом защиту конфиденциальной информации», - отметил Руслан Ерденаев.

Также в ходе заседания клуба были озвучены основные принципы инвестирования пенсионных активов и меры по его совершенствованию. Так, по предложению ЕНПФ вкладчик должен иметь право принимать непосредственное участие в выборе одной из предложенных стратегий инвестирования.

АО «Единый накопительный пенсионный фонд» (ЕНПФ) создано 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером АО «ЕНПФ» является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом, который возглавляет Президент Республики Казахстан.

В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz).

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

Контакты для СМИ: press@enpf.kz